

Мемлекеттік білім тапсырысы аясында  
орта білім берумен қамтамасыз ету бойынша қызмет  
№ 1254 Келісім-шарты

Нұр-Сұлтан қ.

«02» маусым 2022жыл

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, ереже негізінде әрекет ететін Басшысының орынбасары Еламанов Нариман Танатарович, бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицейі» шаруашылық журғізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бұдан әрі Өнім беруші, оның атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Нұсіпжан Женісқұл Темірханқызы, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2-бабының 3-тармагы 3-тармақшасы мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерін сатып алу бойынша шартын (бұдан әрі-шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

**1 Шарттың мәні**

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас болігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бага бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауга және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:  
1.1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас болігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бага бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауга және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:  
1.1.2 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас болігі болып табылады, атап айтқанда:  
1) осы Шарт;  
2) техникалық ерекшелік.

**2 Шарттың сомасы және ақы толеу шарттары**

2.1 Шарттың жалпы сомасы ҚҚС – сыз 17 000 000 (он жеті милион теңге нөл тиын) тендені құрайды және қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды (бұдан әрі-Шарттың сомасы) камтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органдың Шарт 003 Жалпы білім беру бюджеттік бағдарламасы, 011 Республикалық бюджеттен берілетін трансфертер есебінен кіші бағдарламасы, 159 Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша – 17 000 000 (он жеті милион теңге нөл тиын) - ҚҚС есепке алмағанда 2022 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шоғына ақшалай қарожат аудару арқылы жүргізеді.

2.4 Сандық және құндық мәнде көрсетілген қызметтердің көлемі Шартқа техникалық ерекшелікте айтылған.

2.5 Төлем алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) аумақтық қазынашылық органдың тіркелген шарт;
- 2) көрсетілген қызметтер актісі (актілері);
- 3) жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамту туралы есеп;
- 4) Өнім беруші Тапсырыс берушігে көрсеткен қызметтердің сипаттамасы, жалпы сомасы көрсетілген электрондық шот-фактура;

**3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндетті;
- 2) шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас болігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті;
- 3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда санамаланған қандай да бір құжаттар мен ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға тиіс;
- 4) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға міндетті;
- 5) Өнім берушінің Шарт талаптарын тиісінше орындауынан және/немесе өзге де құқыққа сыйымсыз әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;
- 6) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бүйірігімен бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерінің шарттарын жасасу қагидаларына 2-қосымшаның қоса беріліп отырган нысанына сәйкес көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ қызметтердегі жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге міндетті;
- 7) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін шот-фактуралы электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда жазып беру қагидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазып беруге міндетті;

### 3.2 өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді талап етуге құқылы;
- 2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, Шартқа техникалық ерекшелікте көрсетілген қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) қызметтер көрсету үшін Өнім беруші мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті;
- 2) көрсетілген қызметтердің сәйкесіздіктері анықталған кезде тез арада өнім берушіні жазбаша хабардар етуге міндетті;
- 3) жеткізуіден оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не дәлелді негізdemelerді көрсете отырып, қызметтерді қабылдаудан бас тартуға құқылы;
- 4) көрсетілген қызметтер актісі бекітілгеннен кейін Өнім беруші электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактуралы жазып беру қагидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жазып берген шот-фактуралы қабылдауга міндетті;
- 5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлем жүргізуге құқығы бар.

### 3.4 өнім беруші:

- 1) көрсетілген қызметтердің сапасын мониторингілеу;
- 2) қызметтер мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші Қызметтерді мерзімінен бұрын қабылдауга және ол үшін шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаган жағдайларда жол беріледі.

## 4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкестігі түргысына мониторинг жүргізе алады. Бұл ретте осы мониторинг бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін айқындалған өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде және уақтылы хабардар етуге тиіс.

4.2 егер мониторинг кезінде көрсетілген қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, өнім беруші мониторинг сәтінен бастап 3 күн ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір косымша шығындарсыз техникалық ерекшелік талаптарына сәйкесіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдайды.

4.3 жогарыда көрсетілген бірде-бір тармақ өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## 5 Қызметтер көрсету

5.1 өнім берушінің қызметтер көрсетуі Шарттың ажырамас болғы болып табылатын Шартқа техникалық ерекшелікте көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 өнім беруші Тапсырыс берушігө осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыран жағдайда қызмет көрсетілген болып саналады

## 6 Кепілдік

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушігө үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге кепілдік береді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшелік қызметтерінің қателерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкесіздіктерін өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, содан кейін Өнім беруші Тапсырыс беруші хабарламада айқындаған мерзімде осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, кемшіліктерді өз есебінен жою жөнінде шаралар қабылдауға тиіс

6.4 егер Өнім беруші хабарламаны алғып, кемшіліктерді жою бойынша тиісті шараларды уақтылы қабылдамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушінің есебінен және Тапсырыс берушінің өнім берушігө қатысты шарт бойынша иелене алатын басқа құқықтарына нұқсан келтірмей қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою бойынша шараларды қолдана алады.

## 7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шенберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайзызы мемлекетке тиесілі занды тұлғаның есеп айырысу шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушігө тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Өнім берушігө мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспауга тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінана орындамаған) жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспауга тиіс.

7.4 . Өнім беруші қызметтер көрсетуден бас тартқан немесе шарт бойынша қызметтер көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу мерзімінен кешіктірмей бір айдан астам мерзімге қызметтер көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тартілпен осы Шартты бұзуга құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюна әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары өнім беруші тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуға тиіс.

7.7 Өнім берушінің Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінәра да беруіне жол берілмейді.

### **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумактық қазынашылық бөлімшесінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады

8.2 Шартты өзгерту және бұзу туралы Келісім, егер заңдардан, Шарттан немесе іскерлік айналым дадыларынан өзгеше туында маса, шарт сияқты нысанда жасалады.

8.3 Шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты Тарап екінші Тараптың шартты өзгерту немесе бұзы ұсынысына бас тартуын алғаннан кейін не ұсыныста көрсетілген немесе заңнамада не шартта белгіленген мерзімде, ал ол болмаған кезде - отыз күндік мерзімде жауап алмағаннан кейін гана сотқа мәлімдей алады.

8.4 Жасалған шартқа өзгерістер тараптардың келісімі бойынша Тапсырыс берушінің бекітілген бюджеті шегінде, оның ішінде мемлекеттік бюджет қарожаты есебінен білім беру қызметтерімен қамтамасыз етілетін тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны өзгерген кезде енгізіледі.

8.5 Шарт тараптардың келісімі бойынша оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

8.6 Шартты бұзған немесе өзгерткен жағдайда, егер Тараптардың келісімінен немесе шартты өзгерту сипатынан өзгеше туында маса, шартты өзгерту немесе бұзу туралы тараптардың келісіміне қол жеткізілген сәттен бастап, ал шартты сот тәртібімен бұзған немесе өзгерткен кезде шартты бұзу немесе өзгерту туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезден бастап міндеттемелер токтатылған немесе өзгертілген болып саналады.

8.7 Егер заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, Тараптар Шартты бұзған немесе өзгерткен кезге дейін міндеттеме бойынша өздері орындаған жұмысты қайтаруды талап етуге құқылы емес.

8.8 Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға нұқсан келтірмей, 7.4-тармақтың талаптарын ескере отырып, Тапсырыс беруші. өнім берушіге міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінәра бұза алады:

8.9 Мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерінің шарты кез келген кезенде бұзылуы мүмкін:

- 1) Егер өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде қызмет көрсете алмаса;
- 2) Егер өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаі алмаса.

### **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, төлефакс арқылы не веб-портал арқылы жіберіледі

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болатынына байланысты күшіне енеді.

### **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиганы білдіреді. Мұндай оқигалар мыналарды қамти алады, бірақ тек оларға емес: соғыс кимылдары, табиги немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.3 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушігө осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

### 11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындағын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуга тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

### 12 Өзге де шарттар

12.1 салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының Салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар шарт жасасу нысанында жасалады

12.3 шарт бойынша Тараптардың бірінің міндеттерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

12.4 Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.5 Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### 13 Реквизиттер

#### Өнім беруші:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №93 мектеп-лицеї шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Нұр-Сұлтан қ, Алматы ауданы, Ж.Нәжіменова көшесі 24 гим.

БСН/ЖСН 220540004818

БСК КСЖВКZKX

ЖСК KZ988562203117259668

"Банк ЦентрКредит" АҚ

Тел.:

#### Тапсырыс беруші:

"Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі  
Нұр-Сұлтан қ, Бейбітшілік, 11  
БСН 880740000016  
БСК ККМFKZ2A  
ЖСК KZ22070102KSN6201000  
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ  
Тел.: 557455



**Техникалық ерекшелігі  
білім беру қызметін сатып алу  
мемлекеттік білім беру  
орта білім беруге тапсырыс**

Негіздеме:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы.

Облыстық бюджеттерге, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер.

**Тапсырыс беруші:**

"Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі<sup>1</sup>  
Нұр-Сұлтан қ, Бейбітшілік, 11  
БСН 880740000016  
БСК KKMFKZ2A  
ЖСК KZ22070102KSN6201000  
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ  
Тел.: 557455

Басшысының орынбасары

*(Печать)*  
(қолы)



**Өнім беруші:**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицеї» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны  
Нұр-Сұлтан қ, Алматы ауданы,  
Ж.Нәжімеденова көшесі 24 гим.  
БСН/ЖСН 220540004818  
БСК KCJBKZKX  
ЖСК KZ988562203117259668  
"Банк ЦентрКредит" АҚ  
Тел.:

Директриса  
(Печать)



Ж.Т.Нұсіпжан